



«ТҰРАН- АСТАНА» УИИВЕРСИТЕТИ



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗ-ОЗИНЕ
ТАҚЫЛЕТТЕСТІГІ: ӨТКЕНІ, БҮГІНГІСІ, КЕЛЕШЕГІ»
ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАНТАНУ – 8»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**2013 ж., 28-29 қараша
Конференция материалдары
2 том**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«КАЗАХСТАНОВЕДЕНИЕ – 8»
НА ТЕМУ «САМОНДЕНТИФИКАЦИЯ КАЗАХСТАНА:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»**

**28-29 ноября 2013 г.
Материалы конференции
том 2**

**THE INTERNATIONAL SCIENCE CONFERENCE
«KAZAKHSTANOLOGY – 8»
ON THE THEME «KAZAKHSTAN'S
SELF-IDENTIFICATION: PAST, PRESENT, FUTURE»**

**November 28-29, 2013 y.
The conference bulletin
Volume 2**



Ағын

Дәуен, Д.Б., Ph.D докторант,
Ол-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тқан

ҚЫТАЙ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ҮЛГІСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНҮШІН ТӘЖІРІБЕСІ

Рып

Ел модернизациялауын қандай жолмен жүргізсе де басты мақсат — елдің әл-ауқатын көтеру, ішкі тұрақтылығын нығайту, сыртқы қауіп-сырлардан сақтану, қорғанысын күшейту, жалпы мемлекетті нығайту, оның ішкі үлгілердің толық қампы мүшесі ретінде қатыса алуын қамтамасыз ету. Осы ретте бүгінде әлемнің көптеген елдерінде модернизациялау, елді жаңарту немесе қандай да бір саласы бойынша реформау үрдісі жүрде. Модернизациялаудың сәтті жүруі сол елдің даму қарқынын тездетіп, жағдайын жақсартады. Бүгінде еліміз Қазақстан Республикасы үшін де модернизациялау үрдісі қат емес. Ел өмірінің түрлі салалары реформалануда. Бұған Елбасының ұлы саясатын халыққа жолдауының мазмұны да дәлел бола алады. Дегенмен ел модернизациялау үрдісінің барынша тиімді жүргізілуі үшін оның жаңартуы зерттеліп, қаралуы қажет. Бұл оранда шетелдік модернизациялаудың үлгі үлгілері еліміз үшін тәжірибе ретінде қарастыруға болады. Осы елді модернизациялауда оңты нәтиже бер көрсетіп отырған елдердің бірі - Қытай. Ел елімізде 1978 жылы реформалаудан бастау алған бұл үрдіс қазіргі таңда Қытайдың дамуының басты құрамдас бөлігі. Әрине көптеген шешімін таппаған қоғамдық мәселелерге қарамастан Қытай модернизациясы қазіргі таңда өзінің ең тиімді жүргізіліп келе жатқан даму жолдарының бірі. Сондықтан да қытайлық үлгінің Қазақстан елінің салыстырмалы түрде жас мемлекеттің дамуына берер тәжірибесі бар.

М.

Д.

Н.

Д.

С.

Егер модернизациялау, әлеуметтік-экономикалық реформаларды бастау үлгілері Қытай мен Қазақстанды салыстырар болсақ, өзінің сол кезеңтердегі әлеуметтік мәселелеріне қарамастан Қытай қанша ғасырлық тарихы бар, түрлі үлгілерін бағынан өткерген, жер көлемі мен сәйкесінше халық саны көп ірі ел еді. Ал Қазақстан ше? Қазақстан КСРО ыдырағаннан кейін енді ғана өз еліздігін алған жас ел еді. Қазақстан өзге де бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттер тәрізді тоталитарлық тәртіптің жағымсыз құбылыстары мен қаттылығына жолықты. Әсіресе экономикалық мәселелер айқын көрініс тапты. Қазақстан экономикасы түгелдей дерлік одақтық экономикаға тәуелді еді. Тек экономика ғана емес, сонымен қатар саяси жүйе мен жалпы басқару да одақтықтандырылған еді.

Қытай модернизациясы алғашқы уақытта жоспарланған «төрт модернизациядан», яғни өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, әскери сала, ұлттық өнеркәсіп және ғылыми технология салаларынан бастау алған қытай қоғамының бұл өзгерісі де алдымен экономика саласында үлкен жетістіктерге өтті. Қытай бұрынғы жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу жолында да бірден экономика бағытын жаппай нарықтық экономикаға көшіріп өткермей біртіндеп өзгертті, экономикалық даму қарқыны елдің дамуына сай, тиімді болды, және қытайлық нарықтық экономика социалистік даму

бағытындағы қытайлық ерекшелігі бар нарықтық экономика болды. Тағы бір атап өтетін жаңа экономикалық жүйені өзгерту моделін таңдай отырып, Қытай бұрынғы саяси құрылымын бұзған жоқ.

Реформаның алғашқы кезеңі 1978-1984 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде «Жоспарлы экономика – негізгі, ал нарықтық экономика – қосымша» деген ұранмен реформаны жоспарлы және нарықтық түрлері біріктіре жүргізді. Негізінен ауыл шаруашылығы, аграрлық секторға көп көңіл бөлінді.

Екінші кезең 1984 жылдың қазан айынан – 1992 жылдың желтоқсан айы аралықтарын қамтиды. Бұл уақытта Қытай бидан, мақта, көмір өндіруден әлемде 1-ші орынға, болат пен электроэнергия өндіруден 4-ші орынға, мұнай өндіруден 5-ші орынға шыққан болатын. ККП-ның XIII съезінде «қытайлық ерекшелігі бар социализмді құру» бағыты қабылданды. Осыған орай 1987 жылы «Мемлекет нарықты реттейді, ал нарық кәсіпорынды бағдарлайды» деген жаңа ұран жарияланды. Осы кезеңде реформалау негізінен ауылдан қалаға ауысады [1, 108-109].

Үшінші кезең 1992-1997 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде «нарықтық экономика құру» ұраны жарияланды. Қытай қоғамы жаңа экономикалық жүйеге аяқ басты. Бұл кезеңдегі экономикалық стратегияның басты мақсаттары: 1) кәсіпорындарды басқаруды ықшамдау; 2) нарықтық қатынастар үрдісін жылдамдау; 3) реформаны жан-жақты тереңдету; 4) экономикалық өсу қарқынын тездету болды. Қытай экономикасына үлкен көмек болған тағы бір жағдай 1992 жылдан бастап шетелдік инвестицияларды тарту саласында айқын нәтижелердің болуы еді.

Осы үшінші кезеңде Ішкі жалпы өнім 2161,78 млрд юаньнан (1991ж.) 7446,26 млрд юаньға (1997ж.) дейін, ал Ұлттық жалпы өнім 1879-дан 6053 юаньға дейін өсті.

Төртінші кезең 1998-2002 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде реформа жүргізілген 20 жылдық уақытқа қорытынды жасалады. Ендігі мақсат қоғамдық сұраныстың өсуін қолдау болды. Тамақ өнеркәсібі, телекоммуникация, ақпараттық техника мен технология, малшына жасау салаларына көп көңіл бөлінді.

ККП-ның 1997 жылғы XV съезінде мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау жөнінде шешім қабылданы және бұл экономикалық реформаның ең қиын мәселелердің бірі болды [1, 113, 115-116].

Бесінші кезең 2002 жылдан қазірге дейінгі уақыт. 2002 жылдың қараша айында өткен ККП-ның XVI съезінде Қытайдың дамуының жаңа бағыттары белгілі болды. «Социалистік-нарықтық экономиканы жетілдіру» ұранын алға тарты отырып, экономикалық құрылымда стратегиялық өзгерістер жүргізу, елдің индустриялануын аяқтау, ақпараттандыруды күшейтеу, тұрғындардың өмір сүру деңгейін ұдайы өсіру мақсаты қойылды. Түрлі қоғамдық салалардағы модернизацияны күшейтеумен қоса ендігі кезекте мемлекеттің саяси жүйесін реформалау тұрды.

2007 жылдың 21 қазанында өткен ККП-ның XVII съезінде бұрынғы төраға Ху Цзиньтао өткен бес жылдағы нәтижелерді қорытындылай келе, ел дамуы мен модернизациялаудың жаңа кезеңінде «сыяқан» қоғамын құруды

жақсартуы қажет екендігін және даму бағыты әрдайым ғылыми негізделгендігі керек екендігін атап өтті. Сонымен қатар 2020 ж. қарай толық «сыяқан» қоғамы орнауы қажет екендігін баса көрсетті [2].

Қытайлық реформалардың жүзеге асуының тәжірибесі экономикалық даму құрылымының өтпелі түріндегі елдерде, экономиканың ұтымды әрі тириктандырылуына тек елдегі биліктің мықты болуы жағдайында ғана жетілетіндігін көрсетті. Тек мықты билік ғана ұзақ мерзімді мақсаттардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті саяси ерік-жігер екендігі және қаражат пен қажетті күштерді жұмылдыра алатыны шешуші маңызға ие. Мұндай билік ең алдымен өз қызығарлығын басым тұстарын есепке ала отырып жүргізетін ұтымды экономикалық саясат арқылы халықаралық сахнада мемлекеттің бәсекеге қабілетін қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар отандық нарық қатынастарының заңды құқықтары мен өзара әділ бәсекелесітігін қамтамасыз ете алады. Халықтың кәсіпкерлік және еңбек белсенділігін ынталандыру арқылы, ғылымды қолдау арқылы, адам капиталының сапасын жақсарту, өмір сүруін қорғау арқылы. Биліктің әлсіздігі жағдайында экономиканы дамыту тек қысқа мерзімді оң нәтижеге ие болады және биліктің одан әрі не әкеледі [3: 8].

Қытай модернизациясының тағы бір ерекшелігі Қытайдың Батыс әлеміне қарағанда «ашық» болғандығына, экономикасында халықаралық нарық қатынастары мен институттарының орын алуына қарамастан қытай элитасы мен халықтары ұлттық құндылықтар, ұлттық мүдделер мен мақсаттарды алдыны ұстап қояды. Осы негізде ғана тұрақты оңды жетістіктерге жете алатындығын дәлелдей түсінеді. Қазіргі институттар мен дәстүрлі құндылықтардың онтайлы қолданылуына сақтау, яғни модернизация мен тұрақтылықтың арақатынасы - дамушының басты мақсаты және ерекшелігі.

Қытай бүгінде өз реформалары нәтижелерінен тәжірибе алуда. Егер модернизациялау үрдісінің бастапқы кезеңдерінде алға қойған мақсаттардың бірінші сандық көрсеткіші маңызды болса, қазір сапалық жағының дағдысын қалағанда. Сонымен қатар экономикалық стратегиясының басты мақсаты - елдегі энергетика және басқа да ресурстарды қолдану тиімділігін барынша азайту. Бұл үшін елдің ғылыми-техникалық потенциалын одан да күшейтуге аса үлкен назар аударылуда [3: 38-39].

Егер қытай зерттеушілері мен модернизация саласындағы мамандардың пікірінше күшті болсақ, Қытай осы уақытқа дейін елді модернизациялауда 30 жылдан астам уақыт жүргізілген жұмыстарын сараптай келе мынадай нәтижені алға тартып отыр: 1. Реформалауда нарықтық экономика бағытын ұстап отырып, сонымен қатар реформалау барысында әрдайым қоғамның тұрақтылығын сақтап отыру; 2. «Сыртқа ашықтық» саясатына ынтаның артуы; 3. Қытай экономикасының әлем экономикасымен интеграциялануына күш салу; 4. Қытай экономикасының дамуы халықтың өмірін жақсарту үшін қызмет ететін өндiргiн күштердiң даму деңгейiне сәйкес келетiн халықтың өмір сүру сапасының саясатын жүзеге асырады; 4. Бүгінде қалыптасқан тұрақты экономикалық өсуді сақтап тұруға күш салу [4: 665].

Ал қытай реформаларының сәулетшісі Дэн Сяопинның модернизациялаудағы басғы концепциясы - елдің өзін-өзі ерекшелігіне қарау. Яғни, қандай да бір мемлекеттің даму жолы сәтті болғанымен де, оны өз елінің дамуы үшін айна-қатесіз көшіріп алуға келмейді.

Отандық ғалым, академик Досмұхамед Кішібеков қазақ қоғамы жайлы еңбегінде К. Маркстың өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың өзара әрекеті жөніндегі теориясы тұрғысында сөз қозғай отыра кеңестік басшылардың қытай басшыларын марксизмді қолдануда айрықша, қытайлық ерекшелігі бар жолды іздегендері үшін ревизионист ретінде айыптағанын атап өткен. Бұл олардың К.Маркс ілімдерін тек догматикалық тұрғыда ғана түсінгендіктерінен пайда болғандығынан делінген. Мұндай түсінік Кеңес Одағының еркін нарықтық қатынастарға негізделген Батыс елдерінен артта қалуына әкелгенігі, ал марксизмді өзіндік, қытайлық ерекшелігімен үйлестіре отырып қолдана білген Қытай Халық Республикасын қарқынды даму жолына бастағандығы айтылған. Яғни, бұл теорияның қателігі емес, бұл - сол теорияны қабылдаудағы догматизмнің қателігі [5: 30]. Автордың оны бойынша К.Маркс кез-келген жүйеде бірдей қызмет ете алатын жалпы әлеуметтік заңдылықты ашты, ал оны ары қарай өзіне тиімді пайдалана білу сол қоғамның өзіне байланысты. Қытай қоғамы мұны өте оңтайлы қолдана білді, өзінің даму жолына негіз ретінде алып, қытайлық ерекшелікпен сәйкестендірді және оның нәтижеге қол жеткізді.

Қытай модернизациясын зерттеуші ірі батыс ғалымдарының бірі Сюзан Ширк өз еңбектерінің бірінде 1990 жылдардағы Қытай мен Кеңес Одағын салыстырады. Бұл Қытайда да, Кеңес Одағында да коммунистік партияның басшылығымен жүргізілген реформалардың 10 жылдық нәтижесінің кезеңі еді. Бұл кездегі Қытай - көшелерінде саудасы қызу қайнаған, дүкен сөрелері тұрғындарға толы, тұтынушыларға таңдау мүмкіндігін бере алатын ел еді. Ал Кеңес Одағындағы жағдай мүлдем керісінше. Тұрғындар дүкен алдында ұзақ уақыт кезекте тұратын, тауарлар саны шектеулі, тіпті азық-түлік те тапшы болатын. Автор мұндай қарама-қайшылықты реформалауды жүргізудегі Қытай мен Кеңес Одағы басшыларының таңдаған стратегиясымен байланыстырады. КХР басшылығы ешқандай саяси реформасыз аяқпен экономикалық реформалау бағытын жариялады, ал Кеңес Одағы экономикалық дамуды жақсартудың бірден-бір маңызды жолы саяси реформалау деп шешті [6:4].

Міне, даму жолын дұрыс таңдау қандай да бір теорияны қолдануда оны дұрыс түсіну, даму стратегиясын дұрыс қалыптастыра білу мемлекет дамуында шешуші рөл атқарары анық.

Жалпы қорытындылай келе модернизациялаудың қытайлық үлгісінен өз елімізге алатын тәжірибе ретінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- елді реформалау, модернизациялау үрдісі айқын кезеңдерге бөліну арқылы жүргізілуі қажет;

- қандай да бір саланы реформалаудан бұрын оның теориялық және концептуалды негізі толыққанды қаралып, сарапталуы қажет;

- модернизациялау барысында әр кезеңде алынған нәтижелердің тиімді және тиімсіз жақтары дер кезінде сарапталып, кейінгі кезеңдерде қателіктерді

теуі қатан бақылануы қажет:

Бұл модернизациялануын терең, жан-жақты зерттеп, атқарушы ел ғылыми негізделген нұсқаулық беріп отыратын арнайы ұйым негізі болуы қажет:

Бұл модернизациялау бұл өзгенің даму жолын көшіріп алу емес, оның жетарын алып өз елінің ерекшелігіне сәйкестендіре отырып жүргізу:

Модернизациялауда басты ұстаным сандық көрсеткіштердің көлемін арттыру емес, сапалық көрсеткіштердің нәтижесі болуы қажет.

Найдаланылған әдебиеттер

- А.С. Селищев. Китайская экономика в XXI веке. Москва, 2004.
- 中国共产党第十七次全国代表大会. 2007.10.21 (Zhongguo gongchandang shiqi qianqiang daibiao dahui)
- А.М. Бергер. Экономическая стратегия Китая. Москва, 2009.
- 21-ғасырдың Қытаюы: ———— 21-ғасырға қарай модернизацияның тарихы (экономикалық бөлім 1949-2000). Сунь Жунь, Шанхай, 2010.
- Т.К. Қишібөкеева. Истоки ментальности казахов. Алматы, 2006.
- Susan L. Shirk. The political logic of economic reform in China. University of California Press, 1993.

Резюме

Статья рассмотрен вопрос китайской модернизации. Показан основной путь в модернизации страны и рекомендации для Казахстана в отношении мер, направленных на развитие страны.

Resume

The article considers question of Chinese modernization. Showing the basic path of China in the modernization of the country and recommendations for Kazakhstan in the implementation measures aimed at the development of the country.

Ермаганбетова А. К.

қазақ тілі мен әдебиет пәнідерінің мұғалімі
Рахымбек батыр ат. №50 «Қазақын» мектеп-лицейі

ҒАСЫР ТУЛДА

Бұл елді қайраңкерғалым, академик Дінмұхаммед Ахметұлы Ахметұлының 100 жылдығы аталды. Ол көзі тірісінде – ақ ерен еңбегінің арқасында елдік қосеміне айналып үлгерді. Күллі қауымның «Димекен», «Димешек» деп еркелетіп атауынан – ақ оған деген зор ықыластың бар екендігін Димаш атамызға арқа сүйегейін аңғаруға болады. Димаш Ахметұлы отыз жылдан астам уақыт ел басқарды. Ол 24 жыл